Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 24 ақпандағы
№ 121 бұйрығына
3-қосымша

Нысан

ОҚО, Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауыл округі, Қарабұлақ ауылындағы 600 оқушы орынға арналған Далабазар атындағы жалпы орта мектеп құрылысы

Сәйкестік туралы декларация

2017 жылғы «_19_»_мамыр__

Мердігер (бас мердігер) **«Жаңа Арна 2002» ЖШС-і, лицензия № 16019775, 27.12.2016 жыл, заңды мекенжайы: ОҚО Арыс қ., Н.Исмаилов к., 4А**
ұйымның атауы, заңды мекенжайы

Жорабеков Тулеген Бексултанович атынан
ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

«**ОҚО, Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауыл округі, Қарабұлақ ауылындағы 600 оқушы орынға арналған Далабазар атындағы жалпы орта мектеп құрылысы»**
объектінің атауы, орналасқан жері
объектісі бойынша

тапсырыс берушісі **«Сайрам аудандық құрылыс бөлімі» ММ-і, бөлім басшысы У.Б.Сербаев** болып табылатын
ұйымның атауы, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
мынаны куәландырады:

1. Объектіде құрылыс-монтаж жұмыстары бекітілген жобаға (жобалау-сметалық құжаттамаға), сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес орындалған;

2. Қосымша мердігер ұйым**: «АЗАТ Строй Сервис» ЖШС-і, лицензия ГСЛ №001969, 09.12.2011 ж.**
ұйымның атауы

3. Жоба (жобалау-сметалық құжаттамасы) **НТПЦ «САМИ» ЖШС-і № 13-2013**
жобалау ұйымының атауы, жобаның нөмірі

жобаны бекіткен **«Мемсараптама» РМК Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалы Филиал басшысы Ж.С. Мықтыбаев, 2013ж., 26 желтоқсан №19-1387/13** бекітілген,
жобаны бекіткен (қайта бекіткен) ұйымның атауы және бекітілген күні

4. Объектінің (кешеннің) мынадай негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері бар:

Жалпы орта мектептің сиымдылығы – 600 орын
(қуаттылық, өнімділік, өндірістік алаң, ұзындық, сыйымдылық, көлем, өткізу қабілеттілігі, тасымалдау қабілеттілігі, жұмыс орындарының саны және сол сияқты,) барлық объектілер (тұрғын үйлерден басқа) бойынша (нысаналы өнімдерге немесе көрсетілетін қызметтердің негізгі түрлеріне сәйкес өлшем бірліктерімен толтырылады):

Қуаттылық, өнімділік және тағы басқа	Өлшем бірлігі	Жоба бойынша		Нақты	
		жалпы (бұрын қабылданғандарды ескере отырып)	оның ішінде іске қосу кешені немесе кезегі	жалпы (бұрын қабылданғанда рды ескере	оның ішінде іске қосу кешені немесе кезегі

				отырып)	
Жалпы орта мектептің сиымдылығы	орын	600		600	

Жалпы орта мектептің мынадай көрсеткіштері бар:

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Жоба бойынша	Нақты
Жер телімінің ауданы	гектар (бұдан әрі - га)	2,57	2,57
Ғимараттын қабаттылығы	қабат	Блок 1,2 – 3 қабат Блок 3 – 2 қабат Галерея – 2 қабат Блок 4 – 1 қабат	Блок 1,2 – 3 қабат Блок 3 – 2 қабат Галерея – 2 қабат Блок 4 – 1 қабат
Ғимараттың құрылыс ауданы	шаршы метр (бұдан әрі – $м^2$)	3059,471	3059,471
Ғимараттың жалпы ауданы	шаршы метр (бұдан әрі – $м^2$)	5939,72	5939,72
Ғимараттың пайдалы ауданы	шаршы метр (бұдан әрі – $м^2$)	5280,58	5280,58
Жалпы құрылыс көлемі	текше метр (бұдан әрі - $м^3$)	29490,64	29490,64

5. Объект бойынша технологиялық және сәулет-құрылыс шешімдері мына деректермен сипатталады:

Жалпы орта мектеп ғимараты 3 блоктан тұрады:

Блок – 1, 2 оқу ғимараты – 3 қабатты, қабаттардың биіктігі -3,30 м, жобадағы өлшемдері 70,80х18,70 м.

Бірінші қабатта: вестибюль – 2 дана, киім ілу бөлмесі – 2 дана, баспалдақтар – 3 дана, дәліздер, дәліз-рекреация, мектепалды оқу сыныптары – 2 дана, психологиялық қызмет және логопед бөлмесі, дәрігер бөлмесі, егу бөлмесі, медицина қызметкерлерінің әжетханасы, ұлдар әжетханасы – 2 дана, қыздар әжетханасы – 2 дана, еден жуушылар бөлмесі – 2 дана, қызметкерлер әжетханасы – 2 дана, қосалқы бөлме, күзетші бөлмесі, директор бөлмесі, завучтар бөлмесі, қабылдау бөлмесі, алғашқы әскери дайындық оқу бөлмесі, қару-жарақ сақтау бөлмесі, арнайы жабдықталған шет тілі оқу бөлмесі, биология және зертхана оқу бөлмелері, 5-9 сыныптар оқу бөлмелері, тамбур орналасқан.

Екінші қабатта: дәліз-рекреация, бастауыш сыныптар оқу бөлмесі – 2 дана, 2-4 сыныптар оқу бөлмесі – 2 дана, баспалдақтар – 3 дана, дәліздер, компьютер сыныбы (мультимедия бөлмесі), ұлдар әжетханасы – 2 дана, қыздар әжетханасы – 2 дана, еден жуушылар бөлмесі – 2 дана, қызметкерлер әжетханасы – 2 дана, қосалқы бөлме, рекреация, 5-9 сыныптар оқу бөлмесі – 4 дана, физика және лаборатория оқу бөлмелері, арнайы жабдықталған шет тілі оқу бөлмесі, 10-11 сыныптар оқу бөлмелері, есеп-қисап бөлмесі, шаруашылық меңгерушісі бөлмесі, техқызметкерлер бөлмесі, информатика оқу бөлмесі орналасқан.

Үшінші қабатта: завучтар бөлмесі, рекреация, 2-4 сыныптар оқу бөлмесі – 5 дана, баспалдақтар – 3 дана, дәліздер, 10-11 сыныптар оқу бөлмелері – 2 дана, ұлдар әжетханасы, қыздар әжетханасы, еден жуушылар бөлмесі, қызметкерлер әжетханасы, қосалқы бөлме, химия және лаборатория оқу бөлмелері, арнайы жабдықталған шет тілі оқу бөлмесі, информатика оқу бөлмесі, лаборанттар бөлмесі, 5-9 сыныптар оқу бөлмелері орналасқан.

Блок – 3 (асхана, спортзал, кітапхана, мәжіліс залы) ғимараты 2 қабатты, 1-қабаттың (асхана) биіктігі – 3,3 м, спортзалдың биіктігі – 7 м, 2-қабаттың биіктігі – 3,7 м, жобадағы өлшемдері – 36,00х35,45 м.

Оқу-жаттығу бөлмелерінде: баскетбол, волейбол, шығыс жекпе-жек спорты, гимнастика, атлетикамен шұғылдануға арналған спорттық зал орналасқан.

Киім ілу бөлмелері спортзалға қосалқы және екінші қабатта орналасқан.

Спорттық жабдықтар сақтайтын бөлме, ұлдар және қыздар әжетханасы, жеке гигиена бөлмесі, еден жуушылар бөлмесі орналасқан.

Бірінші қабатта: 204 орынға арналған асхана, асхана блогы қосалқы бөлмелерімен, өндірістік бөлмелер орналасқан.

Екінші қабатта: мектептік іс-шаралар, мерекелік бағдарламалар, мектеп жиналыстарын өткізуге арналған 210 орындық қосалқы 2 әртістер бөлмесі және жабдықтар сақтайтын бөлмесі бар мәжліс залы; 2000 дана жабық және 400 дана ашық қол жетімді кітаптар фонды, 22 оқырман орны, 4 компьютерлік орны бар кітапхана орналасқан.

Галерея – 2 қабатты, қабаттардың биіктігі – 3,3 м, жобадағы өлшемдері – 6,00х15,00м.

Блок 4 (мектеп ұстаханасы ғимараты) – 1 қабатты, қабаттың биіктігі – 3,0 м, жобадағы өлшемдері – 15,40х12,50 м.

Ғимаратта: ұлдардың металл және ағаш өңдеу аралас технологиялары ұстаханасы, қыздардың мата өңдеу және оны тігу технологиясы және кулинария бөлмесі орналасқан.

Қазандық ғимараты – 1 қабатты, қабаттың биіктігі – 3,6 м, жобадағы өлшемдері – 6,0х12,0 м.

Ғимаратта: 2-дана Z-600 қазандығы орнатылған қазандық залы, қызметкерлер бөлмесі, тамбур, жуыну бөлмесі, әжетхана орналасқан.

12 орындық әжетхана – 1 қабатты, қабаттың биіктігі – 2,5 м, жобадағы өлшемдері – 6,60х4,85 м.

200 м3 өрт сөндіру су қоймасы (2-дана) – су қоймасының тереңдігі – 3,7 м, жобадағы өлшемдері – 12,00х6,00 м.

25 м3 темір су мұнарасының биіктігі – 15 м.

50 м3 кәріз шұңқырының тереңдігі – 3,75 м, жобадағы өлшемдері – 6,00х3,00 м.

негізгі материалдар мен конструкциялар, инженерлік және технологиялық жабдықтар бойынша оны орналастыру ерекшеліктері бойынша қысқаша техникалық сипаттамалар

6. Объектіде жобада көзделген, жеке сынақтан және кешенді байқаудан кейін оны қабылдау туралы актілер сәйкес мөлшерде жабдық орнатылған;

7. Жобада көзделген еңбекті қорғау, жарылыс қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған табиғи ортаны қорғау және сейсмикаға қарсы іс-шаралар орындалған;

8. Құрылыс-монтаж жұмыстары мынадай мерзімде жүзеге асырылған: жұмыстардың Басталуы: **шілде 2016 жыл**;
айы, жылы

жұмыстардың аяқталуы: **мамыр 2017 жыл;**
айы, жылы

құрылыстың ұзақтығы, ай: **9 ай**

құрылысты ұйымдастыру нормасы бойынша немесе жобасы бойынша **9 ай;**

нақты **9 ай**;

9. Қолданылған құрылыс материалдары, конструкциялары, жабдық және бұйымдар жобаның және мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес;

10. Сыртқы инженерлік коммуникациялар (суық су және ыстық сумен жабдықтау, кәріз, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау және байланыс) объектінің қалыпты пайдаланылуын қамтамасыз етеді, оны инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету бойынша қызметтерді жеткізушілер растайды.

Инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету бойынша қызметті жеткізушілер:

_____жоқ_____

ұйымның атауы, басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы, күні

М.О.

Мердігер (бас мердігер) **«Жаңа Арна 2002» ЖШС-і**
«ОҚО, Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауыл округі, Қарабұлақ ауылындағы 600 оқушы орынға арналған Далабазар атындағы жалпы орта мектеп құрылысы» объектісін
объектінің (кешеннің) атауы

қабылдауға дайын деп санайды,

орындалған құрылыс–монтаж және арнайы жұмыстардың сапасына кепілдік береді және объектінің құрылысы кезінде оның кінәсінен болған ақауларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кепілділік мерзімінде жоюға өзіне міндеттеме алады.

Мердігер (бас мердігер):

«Жаңа Арна 2002» ЖШС-і
директоры_____**Жорабеков Т.Б.**
ұйымның атауы, басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы, күні

«__19__» __мамыр___2017 жыл

М.О.